

Сабақ тақырыбы:
Берел қорымы (2 – сабақ)
Зерттеу сұрағы:

Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?

Оқу мақсаты:
5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау

5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау

Пән: Қазақстан тарихы, 5 ә класс

Класс: 5 Ә

Пән мұғалімі: Бакажанова Г.К.

Мектеп: №10 ЖББОМ Ақтөбе қ.

Бағалау критерийлері:

Білу және түсіну дағдысы: грифон, жүйрік жылқы, аң стилі, дүниетаным,

минералды бояу, қорған, қорым, тайпа, сақтар ұғымының мағыналарының біледі;

Қолдану дағдысы: Берел қорымның кем дегенде үш ерекшелігін анықтайды

Сыни ойлау мен талдау дағдысы: Ой ұшқырлығы, логикалық ойлау,

күнделікті өмірде өз білімдерін қолдану.

Сөйлеу дағдысы: Оқушылар ақпарат алмасады, диалог құрайды.

Сабақтың басы:

«Көңіл күй»

Алдыңғы білім. QUIZZZ. ТЕСТ

«Миға шабуыл»



Сабақтың ортасы
Бейне роликті көрсету.

Сұрақ:

- 1. Бейне көрсетілімде не туралы айтылды?**
- 2. Сіздер бұл бейне көрсетілім бойынша не айталасыздар?**

«Сәйкестендіру»

Берел қорымынан табылған олжалар арқылы тайпалардың дүниетанымын сипаттау

Табылған олжалар	Дүниетанымдағы өзгерістер
Ертоқымның жабуында грифонның аңды талап жатқан сәті бейнеленген.	Көне грек жазбаларында «алтын қорыған грифтер» деп аталатын тайпа көсемі немесе патшаның билік белгісі
Грифон асатаяғы-құс басты,жыртқыш денелі,қос мүйізді және қос қанатты образ	Тотемизм шығу тегін аңдармен байланыстырады. Тоқыма тоқу өнері дамыған
Мәйіттердің денесі балзамдалған,жануарлар денесі қайыңтоз қабығымен жабылған.	Табиғат қоршаған ортаны танып- білу. Берелдіктер тоң кабатының қалыптасу жағдайын есептей білген
Мәңгілік тоң кабаттарында органикалық заттардың бүлінбеуін ойластарған	О дүниеге аттанған көсем мәңгілік өмірге қосылады. Денесін сақтау-медициналық,анатомиялық түсініктері болғандығын аңғартады
Өсем безендірілген маскалы он үш жылқы жерленген.	Сақтар жылқылар көсемді ата-бабалар аруағы мекен еткен көк аспанға салтанатты түрде жеткізеді деп ойлаған.

Сәйкестендіру

Дискриптер:

Берел қорымынан табылған олжалар арқылы тайпалардың дүниетанымын сипаттайды.

Критерийлері:

- 1.Ертоқымның жабуында грифонның аңды талап жатқан сәті бейнеленген ұғымды дүниетаным-мен сәйкестендіреді
- 2.Грифон асатаяғы-құс басты,жыртқыш денелі,қос мүйізді және қос қанатты Мәйіттердің денесі балзамдалған,жануарлар денесі қайыңтоз қабығымен жабылған.образды дүниетаныммен сәйкестендіреді
- 3.Мәйіттердің денесі балзамдалған,жануарлар денесі қайыңтоз қабығымен жабылған көріністі дүниетаныммен сәйкестендіреді.
- 4.Мәңгілік тоң қабаттарында органикалық заттардың бүлінбеуін ойластарғанын дүниетаныммен байланыстырады.
5. Әсем безендірілген маскалы он үш жылқы жерленгенін дүниетаныммен байланыстырады

Симантикалық карта.

Берел қорымынан табылған олжалар арқылы сақтардың мәдениетін сипаттау.

Дескриптор:

Берел қорымынан табылған олжалар арқылы сақтардың мәдениетін сипаттайды

Критерийлер:

1. Берел қорғанына тән ерекшелікті анықтайды
2. Берел қорғанынан табылған олжалар қандай материалдан жасалғанын көрсетеді
3. Құс басты, жыртқыш денелі, қос мүйізді, қос қанатты мүсінді атайды
4. Көсемді көк аспанға салтанатты түрде не жеткізетінін анықтайды
5. Ғалымдар қазіргі қолданыстағы ақ алтынды сақтар қай жылы өндіргенін болжайды
6. Сақтар неге табынған анықтайды.
7. Берел қорымынан табылған олжалар нені сипаттайтынын көрсетеді.

Венн диаграммасы.

Дескриптор:

Венн диаграммасының кестесіне Берел мен Шілікті обаларының ерекшелігі мен ұқсастықтарын толтырады.

Критерийлері:

Ерекшеліктері:

1. Қорғандардың қамтыған уақытын көрсетеді.
2. Қорғанның орналасқан жерін көрсетеді
3. Зерттеген археолог кім және зерттеген жылын көрсетеді
4. Обалар санын анықтайды.
5. Қорғанның ерекшелігін көрсетеді

Ұқсастығы:

1. Қамтыған аймағын көрсетеді
2. Тайпалық бірлестігін көрсетеді.
3. Қолданбалы өнер стилін жазады

«Галерия» әдісі

Дескриптор:

Берел қорымынан табылған олжаларды сипаттайды.

Критерийлері:

1. Берел қорымынан табылған олжаларды атайды.
2. Берел қорымынан табылған олжалардың 2 ерекшеліктерін анықтайды.

Сабақтың соңы

Рефлексия

Кері байланыс «Нысана»

«Білім ленд» тапсырмалары.

Үй тапсырмасы. Зерттеу жұмысы.

Бағалау. Күнделік кз.